

Камзина Гулим Оразбаевнаның  
6D080100 - «Агрономия» мамандығы бойынша

фи. философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Шығыс Қазақстан облысының құмды топырақтарында минералды тыңайтқыштарды қолдануға байланысты еркекшөптің өнімділігі мен жемдік сапасы» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына  
**Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді қурайып көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) <u>диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</u></p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертация ғылымның даму бағыттарына сәйкес орындалған. Диссертациялық жұмыс «Шөкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті» РМҚ тақырыптық зерттеу жоспарына сәйкес жүргізілді «Шығыс Қазақстанның құрғақ дала аймағында жемшөп алқаптарының өнімділігін арттыру үшін дәл егіншілік технологияларын енгізу», мем. тіркеудің №103 тапсырмасының құрамдас бөлігі болып саналады.</p>
2.	Ғылым маңыздылығы үшін	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>анықталған/анықталмаған</u>.</p>	<p>Абай облысы, Бесқарағай ауданы жағдайында еркекшөптің жасыл массасы, пішені және тұқым өнімділігі мен сапасын қалыптастырудағы минералды тыңайтқыштардың ролі ғылыми негізделген. Минералды тыңайтқыштарды еркекшөпке қолданудың ұтымды дозалары анықталған. Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша жасалған қорытындылар мен ұсыныстарды аймақтағы еркекшөп дақылын өсіру, қажетгі сапалы өнім алу мақсатында әдістемелік құрал ретінде басшылыққа алынған. Зерттеулер нәтижелері бойынша әзірленген ұсыныстар еркекшөп дақылын тиімді пайдалануға бағытталған.</p>

3. Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған.</li> </ol>	<p>Ізденуші диссертациялық жұмыста зерттеу нысандарын тандау, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтау, зерттеу бағдарламасы мен әдістемелерін дайындау, танаптық және зертханалық тәжірибелер жүргізу, мәліметтерді жинақтау, оларды есептеу-талдау, мақалалар жариялау сияқты жұмыстарды дербес түрде орындаған.</p>
4. Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>негізделген</u>;</li> <li>2) ішінара негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>айқындайды</u>;</li> <li>2) ішінара айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды.</li> </ol> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді</u>;</li> <li>2) ішінара сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан</u>;</li> <li>2) ішінара байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ.</li> </ol> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар</u>;</li> <li>2) талдау ішінара жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың</li> </ol>	<p>Диссертацияның өзектілігі айқын негізделген. Орындалған жұмыстың санасы, ғылыми нәтижелері жасаған тұжырымдары мен өндіріске ұсыныстары докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға сай және қазіргі ауылшаруашылығындағы өзекті мәселелердің нақты шешімі болып табылады.</p> <p>Диссертацияның мазмұны қорғауға ұсынылған қағидағтардың толығымен айқындайды. Диссертацияда тақырыпқа сай келетін мақсат және міндеттер айқын түрде нақтыланған.</p> <p>Зерттеу нәтижелерінде алынған деректер алға қойылған мақсат пен міндеттерді толығымен жүзеге асырғанын көрсетеді. Сондықтан зерттеу нәтижелерінің деңгейі жоғары, жасалған тұжырымдар мен қортындылар зерттеу барысында жинақталған мәліметтердің тығыз байланыс жағдайында жасалған.</p> <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық түрде толық байланысқан. Барлық тараулар бір-бірімен тығыз байланысқан, келтірілген қорытынды автордың қолданыстағы әдістемелеріне сәйкес жүргізген танаптық және зертханалық зерттеулердің, экономикалық талдаулардың нәтижелері болып табылады.</p> <p>Автор ұсынған тыңайтқыштарды қолдану ғылыми негізделген мөлшері тәсілі және мезгілі дәлелденген, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып сыни талдау жасалған.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>сіпемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>; 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>; 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық, басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>; 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ғылыми деректер мен диссертациялық жұмыстың мазмұны ішінара жаңа, жұмыстың жаңалығы «Scopus» шетелік ғылыми базаға енген журналдарда жарияланумен расталады.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары ауыл шаруашылығы саласы бойынша ішінара жаңа және нақты тәжірибелермен дәлелденген.</p> <p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</u></p>	<p>Жүргізілген ғылыми жұмыстардың нәтижесі бойынша қорытындылар келтіріліп, ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә;</p>	<p>Еркекшөпті өсіруде оңтайлы егу тәсілдерін, себу нормаларын және минералды тыңайтқыштарды енгізу дозаларын қолдану жоғары экономикалық тиімділік көрсетті. Жоғары көрсеткіштер қатараралығы 30 см және 45 см егу нұсқасында, минералды тыңайтқыштың дозасы N<sub>80</sub> P<sub>30</sub> K<sub>40</sub> нұсқасында тіркелді. Мұнда 1 га егіске жұмсалған шығын мөлшері бақылау нұсқасында 28250 теңге, ал минералды тыңайтқыштың дозасы N<sub>80</sub> P<sub>30</sub> K<sub>40</sub> нұсқасында 1 га жұмсалған шығын 40300 теңгені құрады, 1 га-дан алынған пайда бақылау нұсқасында 29750 теңге, ал минералды тыңайтқыштың дозасы N<sub>80</sub> P<sub>30</sub> K<sub>40</sub> нұсқасында 51700 теңгені құрап, рентабельділік деңгейі 128,0% көрсетті.</p>

	<p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
<p>8. Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің казіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен</p>	<p>Минералды тыңайтқыштарды еркешөпке қолданудың ұтымды дозалары анықталған. Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша жасалған қорытындылар мен ұсыныстарды аймақтағы еркешөп дақылын өсіру, қажетті сапалы өнім алу мақсатында әдістемелік құрал ретінде алынды.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері жүйеленген, компьютерлік технологияларды қолдану арқылы өңделген, зерттеу нәтижелері статистикалық өңделген және талданған.</p> <p>Алынған қорытындылар зерттеу нәтижелерін көрсетеді, жұмыстың қорытындылары эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p>

		<p>дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) жок.</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз.</p>	<p>Диссертациядағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттермен расталған.</p> <p>Диссертация барысында пайдаланған әдебиеттер саны 136, оның ішінде 45 шетел тіліндегі әдебиет көздері пайдаланған. Қолданылған әдебиет жұмыс тақырыбын, зерттеу сұрақтары жағдайын терең ашуға жеткілікті.</p>
Практикалық құндылық қағидаты		<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <u>бар</u>; 2) жок.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) жок.</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар.</p> <p>Жұмыста Абай облысы, Бескарағай ауданы жағдайында еркекшөптің жасыл массасы, пішені және тұқым өнімділігі мен сапасын қалыптастырудағы минералды тыңайтқыштардың ролі ғылыми негізделген. Минералды тыңайтқыштарды еркекшөпке қолданудың ұтымды дозалары анықталған. Зерттеулер нәтижелері бойынша әзірленген ұсыныстар еркекшөп дақылын тиімді пайдалануға бағытталған.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеулер негізінде жасакталған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа.</p>
10. Жазу және ресімдеу сапасы		<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазу тұрғысында даярланып, мазмұндалуы және безендірілу сапасы жоғары, зерттеу деректері айқын да түсінікті түрде мазмұндалған.</p>

11.	Диссертацияға ескертулер	65 беттің АЭЗ - деген сөз, белгілер мен қысқартуларда жоқ, анықтамасы жазылса. 99 бетте А қосымша сәйкес келмейді.
12.	(диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Қамзина Гулим Оразбаевнаның диссертация бойынша жазылған мақалаларының ғылыми деңгейі зерттеу тақырыбы бойынша сәйкес келеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Қамзина Гулим Оразбаевнаның «Шығыс Қазақстан облысының құмды топырақтарында минералды тыңайтқыштарды қолдануға байланысты еркекшөптің өнімділігі мен жемдік сапасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР ҒжБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған. 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін талаптарына сай дайындалғанына көз жеткізіп, аталған диссертацияны ашық қорғауға ұсынамын.

**Ресми рецензент:**

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰАҒА академигі  
«Көкшетау тәжірибелік – өндірістік шаруашылығы» ЖШС Басқарма Төрағасының ғылым жөніндегі орынбасары

*Сағалбеков*

Сағалбеков У.М.



У.М. Сағалбековтің қолын растаймын  
Ғалым хатшы *Уәлиева*

қол қойылған күні: 26.08.2024 ж.